

**"Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"
мемлекеттік мекемесімен көрсетілетін мемлекеттік қызмет регламенттерін бекіту
туралы**

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 20 тамыздағы N 386 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 14 қыркүйекте N 1856 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 24 мамырдағы N 202 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 24.05.2013 N 202 қаулысымен

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37-баптарына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысына сәйкес,
аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілгендер бекітілсін:

1) «18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті;

2) «Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

3) «Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

4) «Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

5) «Тұрғын үй көмегін тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті;

6) «Жергілікті өкілді органдардың шешімдері бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу» мемлекеттік қызмет регламенті;

7) «Өтініш берушінің (отбасының) атаулы әлеуметтік көмек алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

8) «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді нысандарына қатысуға жолдама беру» мемлекеттік қызмет регламенті;

9) «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 26.09.2012 N 466 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Е. Р а м а з а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қызылжар ауданының әкімі *В. Редин*
Қызылжар ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 20 тамыздағы № 386
қаулысымен бекітілді

«18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) уәкілетті орган – «Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі; мемлекеттік мекемесі;

2) учаскелік комиссия – қорытынды дайындау және әлеуметтік көмек алу үшін жүгінген отбасылардың материалдық жағдайына тексеру жүргізу үшін сәйкесінше әкімшілік-аумақтық бірлік әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет осы Регламенттің 1-қосымшасына сәйкес мекенжайда орналасқан «Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі (бұдан әрі – уәкілетті орган).

Тұрғылықты орны бойынша уәкілетті орган болмаған жағдайда тұтынушы

мемлекеттік қызмет ату үшін ауылдық (селолық) округ әкіміне жүгінеді (бұдан әрі – селолық округ әкімі).

Сонымен қатар, мемлекеттік қызмет осы Регламенттің 2-қосымшасына сәйкес мекенжай бойынша баламалы негізде Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының Қызылжар аудандық бөлімі (бұдан әрі - Орталық) арқылы көрсетіледі.

3. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 26.09.2012 N 466 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәдемақылар туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 маусымдағы Заңының 4-бабы 1-тармағы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 2 қарашадағы № 1092 қаулысымен бекітілген Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу ережесінің 2-тарауы, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысының негізінде көрсетіледі.

7. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға: Қазақстан Республикасының азаматтарына, отбасының орташа жан басына шаққандағы кірісі азық-түлік себет бағасынан төмен 18 жасқа дейінгі балалары бар оралмандарға және Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушылар) көрсетіледі.

8. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы тағайындау (бұдан әрі - хабарлама) туралы хабарлама немесе қағаз тасымалдағышта қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

9. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) Құжаттар тұтынушымен тапсырылған сәттен бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:
уәкілетті органда – он жұмыс күні ішінде;

кабинетінің нөмірі мемлекеттік қызмет ұсыну бойынша ақпарат орналастырылған уәкілетті орган стендінде орналасқан.

Орталық арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құжаттарды қабылдау «терезелер» арқылы жүзеге асырылады, онда «терезелердің» мақсаттары мен орындайтын функциялары туралы ақпарат орналастырылады, сондай-ақ Орталық инспекторының тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі.

14. Барлық қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін тұтынушыға:

1) уәкілетті органда немесе селолық округтің әкімінде – мемлекеттік қызметті тіркеу және алу күні, құжаттарды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген, құжаттардың тапсырылғанын растайтын талон беріледі;

2) орталықта – сәйкесінше құжаттарды қабылдау туралы қолхат беріледі:
өтінішті қабылдау күні мен нөмірі;
сұралатын мемлекеттік қызмет түрі;
қоса берілген құжаттардың саны мен атаулары;
құжаттарды беру күні, уақыты және орны;
құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған Орталық инспекторының тегі,
а т ы , ә к е с і н і ң а т ы .

15. 18 жасқа дейінгі балаларға жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бастарту) туралы хабарламаны жеткізу жүзеге асырылады:
уәкілетті органға немесе селолық округ әкіміне өзі жеке жүгінген жағдайда немесе пошталық хабарлама арқылы;
мерзімі көрсетілген қолхат негізінде күн сайын «терезелер» арқылы орталыққа өзі жеке жүгінген жағдайда.

16. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай негіздемелер бойынша бастартылады :

1) егер әкесі немесе анасы (асыраушылары) бірінші, екінші топтағы мүгедектерді, мүгедек балаларды, сексен жастан асқан тұлғаларды, үш жасқа дейінгі балаларды күтумен шұғылданатын жағдайдан басқа, отбасында баланың еңбекке жарамды ата-аналары (асыраушылары) жұмыс істемесе, күндізгі оқу бөлімінде оқымаса, әскерде қызмет етпесе немесе жұмыспен қамту органында жұмыссыз ретінде тіркелмесе;

2) отбасының орташа жан басына шаққандағы кірісі азық-түлік себет бағасынан артық болған жағдайда.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтатуға негіз болып табылады:

1) баланың қайтыс болуы;
2) баланы толық мемлекет қарауына алу;
3) өтініш берушінің жәрдемақыны заңсыз тағайындауға әкеп соқтыратын жалған мәліметтерді беруі;

4) Қазақстан Республикасының неке-отбасы заңнамасында белгіленген

жағдайларда ата-аналарды ата-аналық құқығынан айыру немесе шектеу, асырап алуды заңсыз деп тану немесе жою, қорғаншыларды (қамқоршыларды) өздерінің міндеттерін орындаудан босату немесе шеттету.

Мемлекеттік қызметті Орталық арқылы көрсеткен кезде уәкілетті орган жоғарыда аталған себептер бойынша бас тарту себебін жазбаша негіздейді және құжаттар пакетін алған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қайтарады және кейіннен тұтынушыға беру үшін Орталыққа жібереді.

Құжаттардың ресімделуінде қателер анықталған кезде, осы Регламенттің 11-тармағында көзделген құжаттар жиынтығын толық ұсынбаған және құжаттар дұрыс ресімделмеген жағдайда уәкілетті орган құжат жиынтығын алған соң үш жұмыс күні ішінде оларды кейін тұтынушыға беру үшін, кейін қайтару себебін жазбаша негіздеумен Орталыққа қайтарады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату үшін негіздемелер жоқ.

17. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш алған мерзімнен бастап көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін беруге дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

уәкілетті органда:

- 1) тұтынушы уәкілетті органға өтініш білдіреді;
- 2) уәкілетті органның жауапты маманы осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген құжаттар және өтінішті қабылдайды, тіркеуден өткізеді, тұтынушыға талон береді және қарастыруға басшыға жібереді;
- 3) уәкілетті органның басшысы құжаттармен танысып, бұрыштама салады және жұмысты бұдан әрі жалғастыру үшін жауапты орындаушыға жібереді;
- 4) уәкілетті органның жауапты маманы құжаттарды қарастыру үшін учаскелік комиссияға жібереді;
- 5) учаскелік комиссия тұтынушының материалдық тұрмыс жағдайына тексеріс жүргізіп, тұрмыс жағдайының актісін жасап және уәкілетті органның жауапты орындаушысына жәрдемақыны тағайындау және төлеу жөнінде қорытынды ұсынады.

6) уәкілетті органның жауапты орындаушысы жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және уәкілетті органның басшысына қол қоюға тапсырады;

7) уәкілетті органның басшысы хабарламаға немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және жауапты маманға тапсырады;

8) уәкілетті органның жауапты маманы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін кітапқа тіркейді және тұтынушыға хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Орталық арқылы:

- 1) тұтынушы Орталыққа өтініш білдіреді;

2) Орталық инспекторы осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген өтініш пен қажетті құжаттарды қабылдайды, өтінішке тіркеу жүргізеді, тұтынушыға қолхат береді және Орталықтың жинақтаушы бөліміне жібереді;

3) Орталықтың жинақтаушы бөлімінің инспекторы құжаттарды жинайды, тізім құрады және құжаттарды уәкілетті органға жібереді;

4) уәкілетті органның жауапты маманы құжаттардың толықтығын тексеріп, тіркеу жүргізеді және басшыға қарастыруға жібереді;

5) уәкілетті органның басшысы құжаттарды қарастырып, бұрыштама салады және жұмысты бұдан әрі жалғастыру үшін жауапты маманға жібереді;

6) уәкілетті органның жауапты маманы құжаттарды қарастыру үшін учаскелік комиссияға жібереді;

7) учаскелік комиссия тұтынушының (оның отбасының) материалдық тұрмыс жағдайына тексеріс жүргізіп, жәрдемақыны тағайындау және төлеу бойынша отбасының материалдық жағдайы туралы актісін құрады және уәкілеттік органның жауапты орындаушысына отбасының мұқтаждығы туралы қорытынды (бұдан әрі - қорытынды) ұсынады;

8) уәкілетті органның жауапты маманы балаларға жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдейді және уәкілетті органның басшысына қол қоюға тапсырады;

9) уәкілетті органның басшысы хабарламаға немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды және жауапты маманға тапсырады;

10) уәкілетті органның жауапты маманы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін кітапқа тіркейді және Орталыққа бас тарту туралы дәлелді жауапты жолдайды;

11) Орталық инспекторы тұтынушыға хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

18. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай құрылымдық - функционалдық бірліктер (әрі қарай - ҚФБ) қатысады:

- 1) уәкілетті органның басшысы;
- 2) уәкілетті органның жауапты маманы;
- 3) учаскелік комиссияға;
- 4) уәкілетті органның жауапты орындаушысы;
- 5) Орталық инспекторы;
- 6) Орталықтың жинақтаушы бөлімінің инспекторы.

19. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара

әрекетін мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураның) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

20. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті бейнелейтін сызба осы Регламенттің 4-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

21. Мемлекеттік қызмет көрсетуге уәкілетті органның басшысы, селолық округ әкімі, уәкілетті органның, Орталықтың лауазымды тұлғалары (бұдан әрі – лауазымды тұлға) жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздік) жауап береді.

22. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда тұтынушы заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

23. Жазбаша шағым берген тұтынушыға шағымға жауап алу күні және уақыты, шағымды қарау барысы туралы білуге болатын лауазымды адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон беріледі.

«18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша уәкілетті орган

Уәкілетті органның атауы	З а н д ы мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама	Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы,	Күн сайын сағат 9.00 бастап 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі демалыс, үзіліс,	

лар мемлекеттік мекемесі	бөлімі» Гагарин көшесі, ба, № 3 кабинет	– сенбі жексенбі	және 8(71538)2-21-07
--------------------------	---	------------------	----------------------

«18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы

р/с №	Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	Заңды мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
1	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны филиалының Қызылжар аудандық бөлімі	Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Институт көшесі, 1в	Күн сайын түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 19.00 демалыс жексенбі	8(71538)2-17-56

«18 жасқа дейінгі балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар тағайындау» мемлекеттік қызмет регламентіне
3-қосымша

Әкімшілік әрекеттердің (шаралардың) бірізділігі мен өзара әрекеттерін сипаттау
1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы ағыны)			
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) №	1	2	3
			Уәкілетті органның

ҚФБ атауы	Орталық инспекторы	Жинақтаушы бөлім инспекторы	жауапты маманы
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы оның сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, журналға тіркеу және тұтынушыға қолхат беру	Құжаттарды жинауды жүзеге асырады, тізім құру	Құжаттарды қабылдау, құжаттарды тексеру және журналға тіркеу
Аяқтау (деректер, құжат, тырушылық-өкімдік шешім)	үлгісі ұйымдас	Құжаттарды жинақтаушы бөлімінің инспекторына жіберу	Құжаттарды қарастыру үшін уәкілетті органның басшысына жіберу
Орындау мерзімдері	30 минуттан артық емес	Күніне 2 рет кем емес	15 минуттан артық емес
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4
Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы ағыны)			
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) №	4	5	6
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты орындаушысы	Учаскелік комиссия
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы оның сипаттамасы	Құжаттармен танысу, бұрыштама жазу	Құжаттар топтамасын жинау және тексеру	Құжаттарды қабылдау, тұтынушының (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізу. Қорытынды дайындау.
Аяқтау (деректер, құжат, дастырушылық-өкімдік шешім)	үлгісі ұйым	Жұмысты бұдан әрі ұйымдастыру үшін жауапты орындаушыға жіберу	Уәкілетті органға қорытындыны жолдау
Орындау мерзімдері	1 күн ішінде	1 ішінде сағат	7 күн ішінде

Келесі әрекеттің нөмірі	іс-5	6	7
Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы ағыны)			
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) №	7		8
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның маманы	жауапты	Уәкілетті органның басшысы
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және сипаттамасы	оның	Құжаттар мен қорытындыны қабылдау, балаларға арналған мемлекеттік жәрдемақыны тағайындау немесе бас тарту туралы жауапты дайындау	Хабарламаға немесе бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды
Аяқтау (деректер, құжат, дастырушылық-өкімдік шешім)	үлгісі ұйым	Құжаттарды басшыға қол қоюға жолдау	Хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты уәкілетті органның маманына жібереді
Орындау мерзімдері		1 күн ішінде	1 күн ішінде
Келесі әрекеттің нөмірі	іс-8		9
Негізгі процестің іс-әрекеті (жұмыс барысы ағыны)			
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағынының) №	9		10
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның маманы	жауапты	Орталық инспекторы
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және сипаттамасы	оның	Хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты кітапқа тіркеу	Тұтынушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін тапсыру
Аяқтау (деректер,	үлгісі	Хабарлама немесе бас тартуды беру туралы дәлелді жауапты	

күжат, дастырушылық- өкімдік шешім)	ұйым	Орталыққа немесе тұтынушыға беру	жолдай	Хабарлама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап береді
Орындау мерзімдері		15 артық емес	минуттан	30 емес
Келесі әрекеттің нөмірі	іс-	10		

2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс.

ХҚКО инспекто ры	Орталық тың жи нақтаушы бөлімі нің инс пекторы	Уәкілет ті орган ның жауапты маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілет ті орган ның жауапты орындау шы	Учаскелік комиссия
№ 1 әрекет Құжаттар дау, қабыл налға жур тіркеу, жинақтау шы бөлімге тапсыра ды және тұтынушы ға қолхат береді	№ 2 әрекет Құжаттар ды жинайды, тізім құрады және құжаттар ды уәкі летті органға тапсыра ды	№ 3 әрекет Тұтынушы дан немесе Орталық тан ұсы нылған өтініш терді қабылдай ды, тұ тынушыға қолхат береді, құжаттар ды уә кілетті органның басшысы на жол дайды	№ 4 әрекет Құжаттар ды қарайды, бұрыштама салады және жұмыстан бұдан әрі ұйымдасты ру үшін жауапты орындаушы ға жол дайды	№ 5 әрекет Құжаттар топтама сын жинайды және те ксереді және құжаттар ды учас келік комиссия ға жі береді	№ 6 әрекет Тұтынушы ның (от басының) материал дық жағ дайына тексеру жүргізеді, отбасының материал дық жағ дайына акт және қо рытындысын уәкілетті органға жібереді
№ 10 әрекет Тұтынушы ға хабар лама береді		№ 9 әрекет хабарла маны тіркейді және ха барлама ны Орта лыққа немесе	№ 8 әрекет Хабарлама ға қол қояды	№ 7 әрекет Құжаттар мен қо рытынды ларды қабылдай ды, ба лаларға арналған мемлекет тік жә рдемақы	

		тұтынушы ғ а береді		тағайын д а у туралы хабарла ма дай ындайды	
--	--	---------------------------	--	--	--

3 кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс.


Орталық инспекторы	Орталық тың жинақтаушы бөлімінің инспекторы	Уәкілетті орган ның жауапты маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті орган ның жауапты орындаушысы	Учаскелік комиссия
№ 1 әрекет Құжаттарды қабылдайды, журналға тіркейді, жинақтаушы бөлімге тапсырады және тұтынушы ғ а қолхат береді	№ 2 әрекет Құжаттарды найды, тізім құрайды және уәкілетті органға тапсырады	№ 3 әрекет Алынған құжаттар ғ а тіркеу жүргізеді және басшыға қарауға тапсырады	№ 4 әрекет Құжаттарды растырады, бұрышта ма салады және жұмыстан бұдан әрі ұйымдастыру үшін жауапты орындаушы ғ а жолдайды	№ 5 әрекет Құжаттар топтама сы н жинайды және тексереді және құжаттарды учаскелік комиссия ға тапсырады	№ 6 әрекет Тұтынушы ның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізеді, отбасының материалдық жағдайына акт жасайды және қорытындысын уәкілетті органға жібереді
№ 10 әрекет Тұтынушы ға бас тарту туралы дәлелді жауап береді		№ 9 әрекет Б а с тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және Орталыққа немесе тұтынушы ға жолдайды	№ 8 әрекет Бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қояды	№ 7 әрекет Құжаттар мен қорытындыларды қабылдау, б а с тарту туралы дәлелді жауап дайындау	

«18 жасқа бар жәрдемақылар

жасқа дейінгі отбасыларға тағайындау»

балалары мемлекеттік мемлекеттік

Әкімшілік әрекеттердің қысқанды біріншілігі арасындағы өзара әрекеттесуді бейнелейтін сызбалар



Қызылжар ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 20 тамыздағы № 386
қаулысымен бекітілді

«Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» (бұдан әрі-Регламент) Регламентінде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) құрылымдық-функционалдық бірліктер – бұл уәкілетті органдардың, мемлекеттік органдардың, мемлекеттік органдары құрылымдық бөлімшелерінің жауапты тұлғалары, ақпараттық жүйелер және олардың кіші жүйелері (бұдан әрі – **Қ Ф Б**) ;
- 2) уәкілетті орган - «Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет «Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі (бұдан әрі – **уәкілетті орган**).

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 26.09.2012 N 466 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

4. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 4-тармағына сәйкес әзірленді.

5. Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңы 21-бабының 1-тармағының 4) тармақшасы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген Жеке оңалту бағдарламасына сәйкес жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектер үшін жеке көмекшінің және естімейтіндігі бойынша мүгедектер үшін жылына отыз сағат ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметтерін көрсету ережесі, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысының негізінде көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға: Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушылар):

- 1) жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің әлеуметтік қызметін ұсынуға медициналық көрсетілімдердің негізінде;
- 2) естімейтіндігі бойынша мүгедектерге ымдау тілі маманының әлеуметтік қызметін ұсынуға медициналық көрсетілімдердің негізінде көрсетіледі.

7. Өтініш беруші алатын көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі, жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметін және естімейтіндігі бойынша мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметін беру үшін мүгедектердің құжаттарын ресімдеу туралы хабарлама немесе қағаз тасымалдағышта қызмет көрсетуден бас тарту жауап болып табылады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат уәкілетті органның to_kuzil@mail.online.kz интернет-ресурсында және осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген жұмыс кестесі мен мекенжайы уәкілетті органның стендтерінде орналасқан.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

9. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері тұтынушымен осы Регламенттің 11-тармағында белгіленген қажетті құжаттарды тапсырған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) тұтынушы өтініш берген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызмет алуға дейін күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты бір тұтынушыға қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) тұтынушы өтініш берген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсетуге күтудің рұқсат етілген ең көп уақыты 15 минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы келесі құжаттарды тапсырады:

1) әлеуметтік жеке кодының нөмірін (болса жеке сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін, көрсетумен белгіленген үлгідегі өтініш;

2) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасынан үзінді;

3) тұтынушының жеке тұлғасын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

4) мүгедектік туралы анықтама.

Құжаттар салыстыра тексеру үшін көшірмелерімен және түпнұсқалары қоса беріледі, кейін құжаттар тұтынушыға қайтарылады.

Жеке өзі бара алмаған жағдайда мүгедек нотариалдық куәландыруды қажет етпейтін, сенімхат негізінде тіл маманының жеке маманының әлеуметтік қызметін ұсыну туралы өтінішпен басқа тұлғаларды уәкілдік ете алады.

12. Уәкілетті органда өтініш үлгілері күту залында арнайы тіреулерде орналастырылады немесе құжаттарды қабылдайтын қызметкерде болады.

13. Барлық қажетті құжаттарды тапсырғаннан кейін уәкілетті органда тұтынушыға құжатты қабылдаушы жауапты тұлғаның аты-жөні, тұтынушының

мемлекеттік қызмет алған және тіркеген күнін көрсетумен талон беріледі.

14. Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды қамтамасыз ету үшін құжаттарды ресімдеу туралы (ресімдеуден бас тарту) хабарлама беру тұрғылықты орны бойынша уәкілетті органға тұтынушының өзі баруы кезінде немесе пошталық хабарлама арқылы жүзеге асырылады.

15. Мемлекеттік қызмет көрсетуден мынадай негіздер бойынша бастартылады :

1) тұтынушының бойында жүріп-тұруы қиын бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің қызметін және естімейтіндігі бойынша мүгедектерге ымдау тілі маманының қызметін беруге қарсы медициналық көрсетілімдер болғанда;

2) осы мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін құжаттардың біреуі болмаған, құжаттарды ресімдеуде қателіктер анықталған жағдайда;

3) ұсынылған мәліметтер мен құжаттар күмәнді болған жағдайда.

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

16. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш алған сәттен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін беру сәтіне дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері :

1) тұтынушы бекітілген үлгідегі өтініш және қажетті құжаттардың тізімін мемлекеттік қызмет алуға уәкілетті органның кеңсе маманына ұсынады;

2) уәкілетті органның кеңсе маманы өтінішті журналда тіркейді, кіріс нөмірін иелендіреді, тұтынушыға талон береді және уәкілетті органның басшысына қарауға жібереді ;

3) уәкілетті орган басшысы қарастырғаннан кейін өтінішке бұрыштама қояды және жауапты маманға құжаттарды жолдайды;

4) уәкілетті органның жауапты маманы тұтынушыдан ұсынылған өтінішке қарауды жүзеге асырады, құжаттардың толықтығына тексеруді жүзеге асырады, тұтынушының мәліметтерін электрондық базаға енгізеді, хабарлама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді дайындайды және уәкілетті органның басшысына қол қою үшін жолдайды;

5) уәкілетті орган басшысы тұтынушыны есепке қою туралы хабарламаға немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелге қол қояды және уәкілетті орган кеңсесіне жолдайды ;

6) уәкілетті орган кеңсесінің маманы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін журналда тіркейді және тұтынушыны мемлекеттік қызмет ұсынуға есепке қою туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауабын береді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (әрі қарай - ҚФБ) катысады:

- 1) уәкілетті органның басшысы;
- 2) уәкілетті органның жауапты маманы;
- 3) уәкілетті органның жауапты орындаушысы.

18. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара әрекетін мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураның) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

19. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті бейнелейтін сызба осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

20. Мемлекеттік қызмет көрсетуге уәкілетті органның басшысы мен уәкілетті органның лауазымды тұлғалары (бұдан әрі – лауазымды тұлға) жауапты тұлға б о л ы п т а б ы л а д ы .

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздік) жауап береді.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

22. Жазбаша шағыммен жүгінген тұтынушыға берілген шағымға жауап алатын күні және уақыты, өтінішті қарау барысы туралы ақпарат алуға болатын лауазымдық тұлғалардың байланыс деректері көрсетілген талон беріледі.

«Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша уәкілетті орган

Уәкілетті органның атауы	З а ң д ы мекенжайы	Ж ұ м ы с кестесі	Байланыс телефоны
«Қызылжар аудандық жұмыспен және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Гагарин көшесі, ба, №3 кабинет	Күн сайын сағат 9.00 бастап 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс –сенбі және жексенбі	8(71538)2-21-07

«Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтерін ұсыну үшін мүгедектерге құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламентіне 2-қосымша

Әкімшілік әрекеттердің (шаралардың) бірізділігі мен өзара әрекеттерін сипаттау

1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағымының) іс-әрекеттері, 1 өтініш берушіге			
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның жауапты маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты орындаушысы
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу, тұтынушыға талон беру	Құжаттарды қарастыру және өтінішке бұрыштама қою	Құжаттарды қарастыру, құжаттардың толықтығына тексеруді жүзеге асыру, хабарлама немесе бас

			тарту дәлелді дайындау	туралы жауап
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, дастырушылық-өкімдік шешім)	Құжаттарды қарастыру үшін басшыға жіберу	Орындау жауапты маманға жіберу	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін басшыға қою	қол үшін
Орындау мерзімдері	15 минуттан артық емес	1 жұмыс күні ішінде	8 жұмыс күні ішінде	
Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4	
Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағымының) іс-әрекеттері				
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) №	5	6		
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті маманы	органның	
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Хабарламаға немесе көрсетуден тарту дәлелді қол қояды уәкілетті органның маманына жолдайды	Мемлекеттік қызмет көрсету бас туралы жауапқа және көрсетуден бас тарту туралы жауапты береді	қызмет нәтижесін тіркейді және хабарлама қызмет бас тарту дәлелді тұтынушыға	
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйымдық-өкімші шешім)	Құжаттарға қою	қол	Нәтижесін беру	
Орындау мерзімдері	1 жұмыс күні ішінде	15 минуттан артық емес		
Келесі әрекеттің нөмірі	6			

2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс.

Уәкілетті органның жауапты маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты орындаушысы
		3. Іс-әрекет Құжаттарды қарауды жүзеге асырады, тұтынушыға

<p>1. Іс-әрекет Өтінішті журналға тіркейді, өтінішке нөмірін тұтынушыға талон және органның басшысына қарауға жібереді</p>	<p>2. Іс-әрекет Құжаттарды қарастырғаннан кейін бұрыштама қояды және орындау үшін жауапты маманына жолдайды</p>	<p>мемлекеттік қызмет ұсыну анықтау үшін құжаттардың толықтығына тексеруді жүзеге асырады, тұтынушының мәліметтерін электрондық базаға енгізеді және хабарлама дайындайды және уәкілетті органның басшысына қол қою үшін жолдайды</p>
<p>5. Іс-әрекет Мемлекеттік қызмет нәтижесін журналға тіркейді тұтынушыны мемлекеттік қызмет есепке қою туралы хабарламаны тұтынушыға береді</p>	<p>4. Іс-әрекет Тұтынушыны мемлекеттік қызмет көрсетуге есепке қою туралы хабарламаға қол және уәкілетті органның жауапты маманына жолдайды</p>	


3 кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс.

Уәкілетті органның жауапты маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты маманы
<p>1. Іс-әрекет Өтінішті журналға тіркейді, өтінішке нөмірін тұтынушыға талон және органның басшысына қарауға жібереді</p>	<p>2. Іс-әрекет Құжаттарды қарастырғаннан кейін бұрыштама қояды және орындау үшін жауапты маманға жолдайды</p>	<p>3. Іс-әрекет Құжаттарды жүзеге асырады, тұтынушыға мемлекеттік қызмет ұсыну анықтау үшін құжаттардың толықтығына тексеруді жүзеге асырады, тұтынушының мәліметтерін электрондық базаға енгізеді және қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты</p>

		ресімдейді уәкілетті басшысына үшін жолдайды	және органның қол қою
5. Мемлекеттік қызмет нәтижесін журналға тіркейді тұтынушыға қызмет көрсетуден тарту дәлелді береді	Іс-әрекет көрсету және бас туралы жауап	4. Іс-әрекет көрсетуден тарту туралы жауапқа және жауапты маманына жолдайды	

«Қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы және есту мүгедектерге жеке көмекшінің көрсететін тіл маманының қолмен ұсыну үшін маманының қызметтерін ресімдеу» мемлекеттік мүгедектерге қызмет қызметтеріне құжаттарды регламентіне

3-қосымша



Қызылжар ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 20 тамыздағы № 386
қаулысымен бекітілді

«Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу» (бұдан әрі - Регламент) Регламентінде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жеке кәсіпкер – жұмыс беруші қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақатынан немесе кәсіби науқастан болған мүгедектер;

2) тұтынушы (өтініш беруші) - жеке тұлғалар: Қазақстан Республикасының азаматтары, мүгедек болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар;

3) уәкілетті орган - «Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

2. Жалпы ережелер

2. Мемлекеттік қызмет «Қызылжар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен көрсетіледі (бұдан әрі – уәкілетті орган).

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар аудандық әкімдігінің 26.09.2012 N 466 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

4. Осы Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

5. Мемлекеттік қызмет «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 22-бабы 1-тармағы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі № 754 қаулысымен бекітілген Мүгедектерді арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету ережесінің, «Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің

стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысы негізінде көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға: Қазақстан Республикасының азаматтарына, мүгедек болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғаларға (бұдан әрі – тұтынушылар) көрсетіледі.

Жеке кәсіпкер – жұмыс беруші қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен еңбек жарақатынан немесе кәсіби науқастан болған мүгедектерге көрсетіледі.

7. Тұтынушы алатын көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) немесе қағаз тасымалдағышта қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

8. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат уәкілетті органның go_kuzil@mail.online.kz интернет-ресурстарында және осы Регламенттің 1-қосымшасында көрсетілген жұмыс кестесі мен мекенжайы уәкілетті органның стендтерінде орналасқан.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

9. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері:

1) мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері осы Регламенттің 11-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тұтынушы тапсырған сәттен бастап он жұмыс күні ішінде;

2) тұтынушы өтініш білдірген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызмет алғанға дейінгі күтудің рұқсат етілген ұзақ уақыты бір тұтынушыға қызмет көрсетуге 15 минуттан есептегенде кезектегі адамдардың санына байланысты болады;

3) тұтынушы жүгінген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызмет алушыға қызмет көрсетудегі күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты уәкілетті органда 15 минуттан аспайды.

10. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

11. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушы келесі құжаттарды тапсырады:

1) әлеуметтік жеке кодының нөмірін (болса жеке сәйкестендіру нөмірі болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін, көрсетумен белгіленген үлгідегі өтініш;

2) мүгедекті оңалтудың жеке бағдарламасы;

3) жұмыс беруші – жеке кәсіпкер қызметін тоқтатқан немесе заңды тұлға таратылған жағдайда жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған

немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектер – жазатайым оқиға туралы актінің көшірмесін және жеке кәсіпкер – жұмыс беруші қызметін тоқтатқаны немесе заңды тұлға таратылғаны туралы құжат.

Егер жеке өзі жүгінуге мүмкін болмаған жағдайда мүгедек нотариалдық куәландыруды талап етпейтін сенімхат негізінде кресло-арба беру үшін өтінішпен жүгінуге басқа тұлғаларды уәкілеттік бере алады.

12. Уәкілетті органда өтініш үлгілері күту залының арнайы тіреуінде орналастырылады немесе құжат қабылдайтын қызметкерде болады.

13. Барлық қажетті құжаттар тапсырылғаннан кейін уәкілетті органда тұтынушымен мемлекеттік қызметті тіркеу мен алу датасын, құжаттарды қабылдаған тұлғаның тегі аты-жөні көрсетумен талон беріледі.

14. Кресло–арба беру үшін құжаттарды ресімдеу (ресімдеуден бас тарту) туралы хабарлама беру және жеткізу тұрғылықты орны бойынша уәкілетті органның тұтынушысы өзі баруы арқылы, сондай-ақ пошталық хабарлама арқылы жүзеге асырылады.

15. Мынадай негіздерде мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылады:

1) тұтынушының мүгедектерге арнайы қозғалыс құралдарын беруге медициналық қарсы көрсетілімдері болғанда;

2) аталмыш мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін құжаттардың біреуі болмағанда;

3) жалған мәліметтер мен құжаттар ұсынылғанда;

Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтата тұру үшін негіздемелер жоқ.

16. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш алған мерзімнен бастап көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін беруге дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) тұтынушы бекітілген үлгідегі өтініш және мемлекеттік қызмет алуға қажетті құжаттардың тізімін уәкілетті органның жауапты маманына ұсынады;

2) уәкілетті органның жауапты маманы өтінішті журналға тіркейді, өтінішке кіріс нөмірін қояды, тұтынушыға талон береді және уәкілетті органның басшысына қарауға тапсырады;

3) уәкілетті органның басшысы қарастырғаннан кейін өтінішке бұрыштама салады және жауапты орындаушыға құжаттарды жолдайды;

4) уәкілетті органның жауапты маманы құжаттарды қарауды жүзеге асырады, мемлекеттік қызмет алуға қызмет алушының құқығын анықтауға құжаттардың толықтығын тексереді, тұтынушының мәліметтерін электрондық базаға енгізеді, хабарлама дайындайды немесе бас тарту туралы дәлелді жауап ресімдейді және қол қою үшін уәкілетті органның басшысына жолдайды;

5) уәкілетті органның басшысы тұтынушыны мемлекеттік қызмет алуға есепке қою туралы хабарламаға немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы

дәлелді жауапқа қол қояды және уәкілетті органның жауапты маманына
ж о л д а й д ы ;

б) уәкілетті органның жауапты маманы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін журналға тіркейді және тұтынушыны мемлекеттік қызмет алуға есепке қою туралы хабарлама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға береді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі іс-әрекет (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (әрі қарай - ҚФБ) қатысады:

- 1) уәкілетті органның басшысы;
- 2) уәкілетті органның жауапты маманы;
- 3) уәкілетті органның жауапты орындаушысы;

18. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара әрекетін мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураның) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

19. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті бейнелейтін сызба осы Регламенттің 3-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

20. Мемлекеттік қызмет көрсетуге уәкілетті органның басшысы мен уәкілетті органның лауазымды тұлғалары (бұдан әрі – лауазымды тұлға) жауапты тұлға
б о л ы п т а б ы л а д ы .

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздік) жауап береді.

21. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда тұтынушының заңнамада белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

22. Жазбаша шағыммен жүгінген тұтынушыға берілген шағымға жауап алатын күні және уақыты, өтінішті қарау барысы туралы ақпарат алуға болатын адамдардың байланыс деректері көрсетілген талон беріледі.

«Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу»

1-ҚОСЫМША

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша уәкілетті орган

Уәкілетті органның атауы	З а ң д ы мекенжайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Қызылжар аудандық жұмыспен және бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл Гагарин көшесі, № 3 кабинет	Күн сайын сағат 9.00 бастап 18.00 дейін, 13.00-14.00 түскі үзіліс, демалыс –сенбі және жексенбі	8(71538)2-21-07

«Мүгедектерге беру үшін оларға кресло-арбаларды қажаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Әкімшілік әрекеттердің (шаралардың) бірізділігі мен өзара әрекеттерін сипаттау
1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағымының) іс-әрекеттері, 1 өтініш берушіге			
Іс-әрекеттің (жұмыс барысының, ағымының) №	1	2	3
ҚФБ атауы	Уәкілетті органның жауапты маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты маманы
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) атауы және оның сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу, тұтынушыға талон беру	Құжаттарды қарастыру және бұрыштама жазу	Құжаттарды қарастыру, құжаттардың толықтығына тексеруді жүзеге асыру, хабарлама немесе бас тарту туралы

			дәлелді жауап дайындау
Аяқтау (деректер, құжат, дастырушылық-өкімдік шешім)	үлгісі ұйым	Басшыға құжаттарды қарастыру үшін жіберу	Орындау үшін жауапты маманға жіберу
Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін басшыға қол қою үшін жіберу			
Орындау мерзімдері	15 минуттан артық емес	1 жұмыс күні ішінде	8 жұмыс күні ішінде
Келесі іс-әрекеттің нөмірі	2	3	4
Негізгі процестің (жұмыс барысының, ағымының) іс-әрекеттері, 1 өтініш берушіге			
Іс-әрекеттің барысының, №	(жұмыс ағымының) 5		6
ҚФБ атауы		Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты маманы
Іс-әрекеттің (процестің, рәсімнің, операцияның) және сипаттамасы	атауы оның	Хабарламаға немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапқа және уәкілетті органның жауапты маманына жолдайды	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін журналға тіркейді және тұтынушыға хабарлама немесе қызмет көрсетуден дәлелді жауап береді
Аяқтау (деректер, ұйымдық-өкімші шешім)	үлгісі құжат,	Құжаттарға қол қою	Нәтижесін беру
Орындау мерзімдері		1 жұмыс күні ішінде	15 минуттан артық емес

2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс.

Уәкілетті органның жауапты маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты маманы
Іс-әрекет	1	Іс-әрекет
Өтінішті журналға	журналға	Қарастырғаннан
		2
		3
		Құжаттарды жүзеге асырады, тұтынушыға мемлекеттік қызмет алу құқығын анықтау

тіркейді, кіріс қояды, талон уәкілетті басшысына жібереді	өтінішке нөмірін тұтынушыға береді және органның қарауға	кейін бұрыштама және орындау орындаушыға жолдайды	өтінішке қояды жауапты үшін	үшін толықтығына жүзеге тұтынушының мәліметтерін электрондық енгізеді хабарлама және органның қол қою үшін жолдайды	құжаттардың тексеруді асырады, базаға және дайындайды уәкілетті басшысына
Іс-әрекет мемлекеттік көрсету журналға және мемлекеттік алуға туралы береді	5 қызмет нәтижесін тіркейді тұтынушыны қызмет қою есепке хабарлама	Іс-әрекет тұтынушыны 5 мемлекеттік қызмет есепке туралы хабарламаға қояды уәкілетті органның жауапты маманына жолдайды	4 алуға қою қол және		


2 кесте. Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс.

Уәкілетті органның жауапты маманы	Уәкілетті органның басшысы	Уәкілетті органның жауапты маманы
Іс-әрекет өтінішті тіркейді, өтінішке нөмірін тұтынушыға береді уәкілетті органның басшысына тапсырады	1 журналға кіріс қояды, талон және қарауға	3 Іс-әрекет өтінішке жүзеге тұтынушыға мемлекеттік алуға анықтау құжаттардың толықтығына тексеруді асырады, тұтынушының мәліметтерін электрондық енгізеді және көрсетуден бас туралы жауапты органның қол қою үшін жолдайды
Іс-әрекет мемлекеттік қызмет	5 көрсету	4 Іс-әрекет қызмет көрсетуден бас

нәтижесін журналға және қызмет бас дәлелді береді	тіркейді тұтынушыға көрсетуден туралы жауап	тарту дәлелді қол қояды уәкілетті органның маманына жолдайды	туралы жауапқа және жауапты
---	---	--	--------------------------------------

«Мүгедектерге кресло-арбаларды беру үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

Әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекеттесуді бейнелейтін сызбалар



Қызылжар ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 20 тамыздағы № 386
қаулысымен бекітілді

«Мүгедектерді санаторий-курорттық емдеумен қамтамасыз ету үшін оларға құжаттарды ресімдеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Негізгі ұғымдар

